Ұлттық Банкінің қолма-қол
шетел валютасымен айырбастау
операцияларына арналған
лицензиясы негізінде тек қана
айырбастау пункттері арқылы
жүзеге асыратын заңды
тұлғаның активтерінің,
міндеттемелерінің
құрылымы және капиталы,
кірістері мен шығыстары туралы
есеп нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау

операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның активтерінің, міндеттемелерінің құрылымы және капиталы, кірістері мен шығыстары туралы есеп (индексі: Ф1-УО, кезеңділігі: тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның активтерінің, міндеттемелерінің құрылымы және капиталы, кірістері мен шығыстары туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлға (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) тоқсан сайын жасайды.

4. Нысан есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасалады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға бірінші басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. 1-кестеде:

1) коды 1.1 "Кассадағы қолма-қол ақша" жолында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5348 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарының (бұдан әрі – Шоттар жоспары) 1010 шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

коды 1.2 "Банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ағымдағы шоттардағы ақша" жолында Шоттар жоспарының 1030 шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

2) коды 2.1 "Талап етілгенге дейінгі салымдар" жолында Шоттар жоспарының 1150 11 және 1290 24 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 1150 03, 1270 22, 1150 12, 1150 11 және 1290 24 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 2.2.1 "Қысқа мерзімді шартты салымдар" жолында Шоттар жоспарының 1150 11 және 1290 24 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 1150 05, 1270 24 және 1150 12 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 2.2.2 "Ұзақ мерзімді шартты салымдар" жолында Шоттар жоспарының 2040 08 және 1290 24 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 2040 02, 2170 24 және 2040 09 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 2.3.1 "Қысқа мерзімді салымдар (1 жылға дейін қоса алғанда)" жолында Шоттар жоспарының 1150 11 және 1290 24 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 1150 02, 1150 04, 1270 23 және 1150 12 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 2.3.2 "Ұзақ мерзімді салымдар (1 жылдан астам)" жолында Шоттар жоспарының 2040 08 және 1290 24 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 2040 01, 2170 23 және 2040 09 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 2.4.1 "Қысқа мерзімді жинақ салымдары (1 жылға дейін қоса алғанда)" жолында Шоттар жоспарының 1150 11 және 1290 24 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 1150 06, 1270 38 және 1150 12 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 2.4.2 "Ұзақ мерзімді жинақ салымдары (1 жылға дейін қоса алғанда)" жолында Шоттар жоспарының 2040 08 және 1290 24 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 2040 03, 2170 22 және 2040 09 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

3) коды 3.1 "Қызметкерлердің дебиторлық берешегі" жолында Шоттар жоспарының 1290 01 шоты бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 1250, 1610 01, 1610 03, 2150 және 2910 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 3.2 "Шаруашылық қызмет бойынша дебиторлық берешек" жолында Шоттар жоспарының 1290 01 шоты бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 1210, 1240, 1260, 1620 02, 2110, 2140 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 3.4 "Басқа дебиторлық берешек" жолында Шоттар жоспарының 1290 01 шоты бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 1280 10 және 2180 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

4) коды 4.1 "Аффинирленген құйма алтын" жолында Шоттар жоспарының 1370 және 1380 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;
коды 4.2 "Басқа қорлар" жолында Шоттар жоспарының 1360 шоты бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 1350 шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

5) коды 5 "Материалдық емес активтер (амортизацияны және құнсызданудан болған зияндарды шегергенде)" жолында Шоттар жоспарының 2740 және 2750 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 2730 шоты бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

6) коды 6 "Негізгі құралдар (амортизацияны және құнсызданудан болған зияндарды шегергенде)" жолында Шоттар жоспарының 2420, 2430 және 2450 шоттары бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 2410 және 2440 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

7) коды 7.1 "Ағымдағы салық талабы" жолында Шоттар жоспарының 1400 тобының шоттарын топтастыру жүзеге асырылады;

коды 7.2 "Кейінге қалдырылған салық талабы" жолында Шоттар жоспарының 2810 шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

8) коды 8 "Басқа активтер" жолында Шоттар жоспарының 1630 және 2940 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

8 коды бар жолда басқа активтерде 3 және 7 кодтары бар жолдарда ескерілмеген берешек ескеріледі;

9) коды 10.1 "Қысқа мерзімді қарыздар (1 жылға дейін қоса алғанда)" жолында Шоттар жоспарының 3050 06 шоты бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 3010, 3020, 3050 05 және 3380 25 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 10.2 "Ұзақ мерзімді қарыздар (1 жылдан астам)" жолында Шоттар жоспарының 4030 12 шоты бойынша қалдықтар сомасы шегеріле отырып, Шоттар жоспарының 4010, 4020, 4030 11 және 4160 23 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

10) коды 11.1 "Еңбекақы төлеу бойынша кредиторлық берешек" жолында Шоттар жоспарының 3350 шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

коды 11.2 "Шаруашылық қызмет бойынша кредиторлық берешек" жолында Шоттар жоспарының 3310, 3340, 3360, 3370, 3510, 4110, 4140, 4150 және 4410 шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 11.3 "Қатысушылардың дивидендтері мен кірістері бойынша кредиторлық берешек" жолында Шоттар жоспарының 3030-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

11) коды 12.1 "ағымдағы салық міндеттемелері" жолында Шоттар жоспарының 3100-тобының шоттарын топтастыру жүзеге асырылады;

коды 12.2 "Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері" жолында Шоттар жоспарының 4310-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

12) коды 13 "Өзге міндеттемелер" жолында Шоттар жоспарының 3540 және 4430-шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 13 жолда өзге міндеттемелерде кодтары 10-нан 12-ге дейінгі жолдарда ескерілмеген берешек ескеріледі;

13) коды 15 "Жарғылық капитал" жолында Шоттар жоспарының 5030 және 5320-шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

14) коды 16.1 "резервтік капитал" жолында Шоттар жоспарының 5410, 5420, 5430 және 5450-шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 16.2 "өзге резервтер" жолында Шоттар жоспарының 5460-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

15) коды 17.1 "Өткен жылдардың бөлінбеген пайдасы (өтелмеген зиян)" жолында Шоттар жоспарының 5520-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

коды 17.2 "есепті кезеңнің бөлінбеген пайдасы (өтелмеген зиян)" жолында Шоттар жоспарының 5610-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

16) 1-кестені толтыру кезінде мынадай талаптардың орындалуы қамтамасыз етіледі:

коды 1 бар жол = кодтары 1.1 және 1.2 жолдардың қосындысына;

коды 2 жол = кодтары 2.1, 2.2, 2.3 және 2.4 жолдардың қосындысына;

коды 2.2 жол = кодтары 2.2.1 және 2.2.2 жолдардың қосындысына;

коды 2.3 жол = кодтары 2.3.1 және 2.3.2 жолдардың қосындысына;

коды 2.4 жол = кодтары 2.4.1 және 2.4.2 жолдардың қосындысына;

коды 3-жол = кодтары 3.1, 3.2, 3.3 және 3.4 жолдардың қосындысына;

коды 4 жол = кодтары 4.1 және 4.2 жолдардың қосындысына;

коды 6 жол = кодтары 6.1, 6.2 және 6,3 жолдардың қосындысына;

коды 7 жол = кодтары 7.1 және 7.2 жолдардың қосындысына;

коды 10 жол = кодтары 10.1 және 10.2 жолдардың қосындысына;

коды 11 жол = кодтары 11.1, 11.2 және 11.3 жолдардың қосындысына;

коды 12 жол = кодтары 12.1 және 12.2 жолдардың қосындысына;

коды 16 жол = кодтары 16.1 және 16.2 жолдардың қосындысына;

коды 17 жол = кодтары 17.1 және 17.2 жолдардың қосындысына;

коды 18 жол = кодтары 15, 16 және 17 жолдардың қосындысына;

коды 9 жол = коды 19 жол.

7. 2-кестеде:

1) коды 1 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша кірістер" жолында Шоттар жоспарының 6280 02-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

2) коды 2 "Аффинирленген бағалы металдарды сатып алу-сату бойынша кірістер" жолында Шоттар жоспарының 6280 01-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

3) коды 3.1 "ағымдағы шоттар бойынша" жолында Шоттар жоспарының 6110 28-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

коды 3.2 "орналастырылған салымдар бойынша" жолында Шоттар жоспарының 6110 29, 6110 31, 6110 30 және 6110 35-шоттары бойынша қалдықтардың сомасы көрсетіледі;

коды 3.3 "сыйақы алуға байланысты басқа кірістер" жолында Шоттар жоспарының 6110 34-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

4) коды 4 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер" жолында Шоттар жоспарының 6250 02-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

5) коды 5 "Аффинирленген бағалы металдарды қайта бағалаудан түскен кірістер" жолында Шоттар жоспарының 6280 05-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

6) коды 6 "Басқа кіріс" жолында Шоттар жоспарының 6280 06 және 6220-шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

7) коды 8 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шығыстар" жолында Шоттар жоспарының 7470 02-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

8) коды 9 "Аффинирленген бағалы металдарды сатып алу-сату бойынша шығыстар" жолында Шоттар жоспарының 7470 01-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

9) коды 10.1 "алынған қарыздар бойынша" жолында Шоттар жоспарының 7310 24-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

коды 10.2 "жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша" жолында Шоттар жоспарының 7350-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

коды 10.3 "сыйақы төлеуге байланысты басқа шығыстар" жолында Шоттар жоспарының 7310 25-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

10) коды 11 "Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстар" жолында Шоттар жоспарының 7430 02-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

11) коды 12 "Аффинирленген бағалы металдарды қайта бағалаудан болған шығыстар" жолында Шоттар жоспарының 7470 07-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

12) коды 13.1 "кассалық операциялар бойынша қызметтер үшін комиссиялық шығыстар" жолында Шоттар жоспарының 7470 23-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

коды 13.2 "сейф операциялары бойынша қызметтер үшін комиссиялық шығыстар" жолында Шоттар жоспарының 7470 24-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

коды 13.3 "банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі қызметтер үшін комиссиялық шығыстар" жолында Шоттар жоспарының 7470 25-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

13) коды 14.2 "амортизациялық аударымдар" жолында Шоттар жоспарының 7490 01 және 7490 05-шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 14.3 "корпоративтік табыс салығын қоспағанда, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша шығыстар" жолында Шоттар жоспарының 7220-тобының шоттарын топтастыру жүзеге асырылады;

коды 14.4 "әкімшілік шығыстар" жолында Шоттар жоспарының 7210 және 7450-шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

14) коды 15 "Өзге шығыстар" жолында Шоттар жоспарының 7420 және 7410-шоттары бойынша қалдықтарды топтастыру жүзеге асырылады;

коды 15 жолда өзге шығыстарға электрондық түрде жүргізілетін айырбастау операцияларының есебін жүргізу үшін пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз етуді немесе компьютерлік жүйені сүйемелдеу, өрт, күзет, дабыл сигнализацияларының техникалық құралдарына қызмет көрсету жөніндегі шығыстар және өзгесі жатады;

15) коды 18 "Корпоративтік табыс салығы" жолында Шоттар жоспарының 7710-шоты бойынша қалдықтар көрсетіледі;

16) коды 21 "Тоқтатылған қызметтен пайда (зиян)" жолында Шоттар жоспарының 6310 және 7510-шоттарын топтастыру жүзеге асырылады;

17) 2-кестені толтыру кезінде мынадай талаптардың орындалуы қамтамасыз етіледі:

коды 3 жол = кодтары 3.1, 3.2 және 3.3 жолдардың қосындысына;

коды 10 жол = кодтары 10.1, 10.2 және 10.3 жолдардың қосындысына;

коды 13 жол = кодтары 13.1, 13.2 және 13.3 жолдардың қосындысына;

коды 14 жол = кодтары 14.1, 14.2, 14.3 және 14.4 жолдардың қосындысына.

8. Шоттарды есептілік бабына топтастыру кезінде оларды қайталауға рұқсат етілмейді.

9. Топтау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысымен бекітілген Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7121 тіркелген), Шоттар жоспарына және уәкілетті ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны мына интернет-ресурста орналастырылған:
www.nationalbank.kz

Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар есебі

Әкімшілік деректер нысанының индексі: Ф1-ИНКАССАЦИЯ

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20____ жылғы "____" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырмамынан кешіктірмей.

Нысан

Көрсеткіш	Жол коды	Мәні (сомасы)
Есепті кезең ішінде үй-жайларда өзгерістердің болуы (иә/жоқ)	1	
Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдауға арналған мамандандырылған көлік құралдарының саны, оның ішінде:	2	
меншік құқығында	2.1	
атқарушы органның басшысы туралы мәліметтер	3	
резиденттік туралы мәліметтер	3.1	
жоғары білімінің бар болуы (иә/жоқ)	3.2	
қаржылық қызмет көрсету саласында кемінде үш жыл жұмыс өтілінің болуы (иә/жоқ)	3.3	
алынбаған немесе өтелмеген соттылығының бар болуы (болмауы) туралы мәліметтер	3.4	
Қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттары туралы мәліметтер	4	

нөмірі, берілген күні және қолданылу мерзімі)		
Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялаудың қолданыстағы шарттарының саны (объектілер санын ашып көрсете отырып)	5	
Есепті кезеңде инкассацияланған қолма-қол ақшаның көлемі (мың теңгемен)	6	
Қайта есептеу, сұрыптау, буып-түю және сақтау бойынша қосымша қызметті жүзеге асыру (иә/жоқ)	7	
Жұмыскерлердің тізімдік саны, оның ішінде:	8	
басқарушы персонал	8.1	
техникалық персонал	8.2	
инкассаторлар	8.3	
өзге де қызметкерлер	8.4	
Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі қызметті жүзеге асырудан түскен кірістер (мың теңгемен)	9	
Екінші деңгейдегі банктердегі және Ұлттық пошта операторындағы шоттардағы ақша (мың теңгемен)	10	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Бас бухгалтер _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Күні 20 __ жылғы " ____ " _____

Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар есебінің

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар есебі (индексі – Ф1-ИНКАССАЦИЯ, кезеңділігі – тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар есебі" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан тоқсан сайын жасалады және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырылады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-жолда есепті кезең ішінде банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар (бұдан әрі – инкассаторлық ұйымдар) үй-жайларындағы өзгерістердің (орналасқан жерінің, алаңының өзгеруі, үй-жайлар конструкцияларының өзгеруі) болғаны (болмағаны) туралы мәліметтер көрсетіледі.

6. 2-жолда банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдауға арналған мамандандырылған көлік құралдарының жалпы саны көрсетіледі.

2.1-жолда инкассаторлық ұйымға меншік құқығында тиесілі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдауға арналған мамандандырылған көлік құралдарының саны көрсетіледі.

7. 3-жолда инкассаторлық ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.

3, 3.1, 3.2, 3.3 және 3.4-жолдар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 176 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19612 болып тіркелген) бекітілген Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау

айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға лицензия беру қағидаларына сәйкес ұсынылған басшы туралы мәліметтер өзгерген кезде толтырылады.

8. 5-жолда қызмет көрсетілетін инкассация объектілерінің жалпы санын көрсете отырып, есепті күнге инкассаторлық ұйым қолданатын және орындайтын банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау шарттарының жалпы саны көрсетіледі.

9. 6-жолда есепті кезеңде инкассаторлық ұйым нақты инкассациялаған қолма-қол ақшаның жалпы сомасы көрсетіледі.

10. 8-жолда "Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 34 бұйрығына 3-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21183 болып тіркелген) сәйкес инкассаторлық ұйым ұсынатын "Еңбек бойынша есеп" (1-Т индексі) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанына сәйкес деректер көрсетіледі.

11. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықпен ұсынылады.

Қаулыға
12-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2014 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 178 қаулысына
12-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Қолма-қол ақшамен жасалатын операциялар туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: CASH

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20___ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: Ұлттық пошта операторы

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың отызынан кешіктірмей.

Нысан

1-кесте. Клиенттердің операциялары бойынша мәліметтер

--	--	--

№	Көрсеткіштің атауы	Мәні (сомасы)
1	2	3
1	Референс	
2	Аймақ	
3	Есеп айырысу-кассалық бөлімше	
4	Операция санаты	
5	Клиент түрі	
6	Кәсіпкерлік субъектісінің санаты	
7	Клиенттің экономикалық қызмет түрі	
8	Операция түрі	
9	Сомасы	

2-кесте. Кассалық операциялар бойынша мәліметтер

№	Көрсеткіштің атауы	Мәні (сомасы)
1	2	3
1	Референс	
2	Аймақ	
3	Операция санаты	
4	Операция түрі	
5	Сомасы	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) телефоны

Бас бухгалтер _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Қолма-қол ақшамен
операциялар туралы есеп
нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Қолма-қол ақшамен операциялар туралы есеп (индексі – CASH, кезеңділігі – ай сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) "Қолма-қол ақшамен операциялар туралы есеп" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды Ұлттық пошта операторы ай сайын жасайды

4. Нысан есепті айдың соңындағы жағдай бойынша жасалады. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі теңге болып табылады. Құндық көрсеткіштер үтірден кейін екі белгісі бар сандарда көрсетіледі.

5. Нысанға бірінші басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

6. Нысанның мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) электрондық құрылғылар – POS-терминалдарды қоспағанда, қолма-қол ақшаны қабылдау және (немесе) беру жөніндегі кассалық операцияларға не операциялардың өзге де түрлерін жүзеге асыруға, сондай-ақ тиісті растайтын құжаттарды қалыптастыруға арналған банкоматтар, электрондық терминалдар және өзге де құрылғылар;

2) POS-терминал – төлем карточкаларын пайдалана отырып және Ұлттық пошта операторының ақпараттық жүйесімен қосыла отырып, қолма-қол ақша беру жүзеге асырылатын электрондық-механикалық құрылғы.

7. Егер тиісті көрсеткішке Түсіндірмеде өзгеше айтылмаса, барлық көрсеткіштер толтыру үшін міндетті болып табылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

8. Есеп нысанында заңды (барлық меншік нысанындағы), жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлер кассалар, электрондық құрылғылар және Ұлттық пошта операторының POS-терминалдары арқылы қолма-қол ақшаны пайдалана отырып жүзеге асырылған операциялар (кіріс, шығыс) туралы мәліметтер беріледі.

9. 1 және 2-кестелердің 1-жолы есеп жинауға арналған ақпараттық жүйеде есеп жолының сәйкестендірушісі болып табылатын референсті көрсетуге арналған. Референс қолма-қол ақшамен жасалатын операция туралы мәліметтерді ұсынатын Ұлттық пошта операторы үшін бірегей болып табылады.

10. 1-кестенің 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-жолдарында және 2-кестенің 2, 3 және 4-жолдарында мәндер Нысан берілетін ақпараттық жүйеде орналастырылған анықтамалықтардың кодтарына сәйкес толтырылады.

11. 1-кестенің 3-жолында Ұлттық пошта операторы жүргізетін анықтамалыққа сәйкес қолма-қол ақшамен кіріс-шығыс операциясы жүзеге

асырылған Ұлттық пошта операторының есеп айырысу-кассалық бөлімшесі көрсетіледі.

Көрсеткіш электрондық құрылғылар және POS-терминалдар арқылы жасалған қолма-қол ақшамен кіріс және шығыс операцияларын қоспағанда, барлық операциялар бойынша толтыру үшін міндетті болып табылады.

12. 1-кестенің 6-жолында кәсіпкерлік субъектісінің санаты көрсетіледі (заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер болып табылатын клиенттер бойынша).

13. 1-кестенің 7-жолында заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер болып табылатын клиенттердің экономикалық қызмет түрі көрсетіледі.

14. 1-кестенің 8-жолы мынадай кіріс және шығыс баптарына сыныпталады:

1) қолма-қол ақша кірісінің баптары:

"Тауарларды, көрсетілетін қызметтерді және орындалған жұмыстарды өткізуден түсетін түсімдер" бабында:

барлық меншік нысанындағы заңды тұлғалардан, дара кәсіпкерлерден; сауда, сол сияқты саудамен айналыспайтын кәсіпорындардың тауарларды сатуынан;

заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің негізгі қызметін құрайтын қызметтер мен жұмыстар түрлерінен: тұрмыстық, медициналық, заңгерлік, жөндеу-құрылыс, салт-дәстүрлік қызметтер мен білім беру саласындағы қызметтер;

заңды тұлғалардан, дара кәсіпкерлерден банк қызметтерін көрсеткені үшін комиссиялық сыйақы төлеуге қолма-қол ақшаның түсуі (бюджетке төлемдерді қабылдау үшін бланкілер үшін алымдар және басқалары);

заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер қызметінің негізгі түріне жатпайтын, бірақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін қызметтер мен жұмыстардың жоғарыда аталған түрлерінен, сондай-ақ басқа да қызметтер түрлерін көрсетуден қолма-қол ақшаның түсуінен;

"Шоттарға түсімдер" бабында салымдарды, ағымдағы және карточкалық шоттарды толықтыру үшін Ұлттық пошта операторының кассаларына заңды, жеке тұлғалардан және дара кәсіпкерлерден қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Ақша аударымдары жүйесі арқылы (шот ашпастан) Қазақстан Республикасы бойынша бір жолғы аударым үшін жеке тұлғалардан түсетін түсімдер" бабында ақша аударымдары жүйесі арқылы (Ұлттық пошта операторында шот ашпастан) Қазақстан Республикасының аумағындағы басқа тұлғалардың пайдасына аударымдарды жүзеге асыру үшін жеке тұлғалардан қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Ақша аударымдары жүйелері арқылы (шот ашпастан) шетелге бір жолғы аударым үшін жеке тұлғалардан түсетін түсімдер" бабында ақша аударымдары жүйесі арқылы (Ұлттық пошта операторында шот ашпастан) Қазақстан

Республикасынан тыс жерлердегі басқа тұлғалардың пайдасына аударымдарды жүзеге асыру үшін жеке тұлғалардан қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Қарыздарды өтеу" бабында қарыздарды өтеу және олар бойынша есептелген сыйақы есебіне жеке, заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің ағымдағы шоттарына қолма-қол ақша түсімдері, сондай-ақ басқа қаржы ұйымдарында ресімделген қарыздарды өтеу үшін шот ашпастан төлемдерді қабылдау көрсетіледі;

"Электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақша түсімдері" бабында жеке, заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің шоттарына электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Қолма-қол ақша кірісінің жоғарыда келтірілген баптары бойынша ескерілмеген қолма-қол ақша түсімдері" бабында жоғарыда келтірілген "Қолма-қол ақша кірісі" баптары бойынша ескерілмеген барлық өзге де түсімдер көрсетіледі;

2) қолма-қол ақша шығысының баптары:

"Тауарларға, көрсетілетін қызметтерге және орындалған жұмыстарға ақы төлеуге беру" бабында заңды тұлғалар мен барлық меншік нысанындағы дара кәсіпкерлерге тауарларға, көрсетілетін қызметтер мен орындалған жұмыстарға есеп айырысу үшін, шаруашылық және өкілдік шығыстарға, оның ішінде заттарды, асыл тастар мен бағалы металдарды, өнер заттарын, антиквариат пен қолөнер бұйымдарын сатып алуды жүргізуге, кәдеге жарату шикізатын, металл сынықтарын дайындауға, халықтан шыны ыдыстарды сатып алуға құқығы бар заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Шоттардан беру" бабында Ұлттық пошта операторының жеке, заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің ағымдағы, карточкалық шоттарынан қолма-қол ақша беруі, салымдар мен олар бойынша сыйақыны қайтаруы көрсетіледі;

"Қазақстан Республикасы бойынша жеке тұлғаларға ақша аударымдары жүйесі арқылы (шот ашпастан) бір жолғы аударым бойынша қолма-қол ақша беру" бабында Қазақстан Республикасының аумағындағы басқа тұлғалардан ақша аударымдары бойынша түсімдер есебінен (Ұлттық пошта операторында шот ашпастан) жеке тұлғаларға қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Жеке тұлғаларға ақша аударымдары жүйесі арқылы (шот ашпастан) шетелден бір жолғы аударым бойынша қолма-қол ақша беру" бабында Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі басқа тұлғалардан ақша аударымдары бойынша түсімдер есебінен (Ұлттық пошта операторында шот ашпастан) жеке тұлғаларға қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Қарыздар беру" бабында жеке, заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген мақсаттарға ағымдағы шоттан қолма-қол ақшамен қарыздар беру көрсетіледі;

"Электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақша беру" бабында жеке, заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің шоттарынан электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"POS-терминалдар арқылы қолма-қол ақша беру" бабында POS-терминалдар арқылы қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Қызметкерлермен есеп айырысу үшін қолма-қол ақша беру" бабында жалақыны, еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде аурухана парағы бойынша төлемді, іссапар бойынша шығыстарды өтеуді немесе төлеуді, демалыс төлемдерін, сыйлықақылар мен үстемеақылар, өтемақылар, жәрдемақылар және басқасын қоса алғанда, еңбекақының барлық түрлері бойынша есеп айырысу үшін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің ағымдағы шоттарынан қолма-қол ақша беру көрсетіледі.

"Жоғарыда келтірілген "Қолма-қол ақша шығысының" баптары бойынша ескерілмеген қолма-қол ақша беру" бабында жоғарыда келтірілген "Қолма-қол ақша шығысының" баптары бойынша ескерілмеген қолма-қол ақшаның басқа беруі көрсетіледі.

15. 2-кестенің 4-жолы мынадай кіріс және шығыс баптарына сыныпталады:

1) қолма-қол ақша кірісінің баптары:

"Электрондық құрылғылардан алынған қолма-қол ақшаның түсімдері" бабында электрондық құрылғылардан алынған қолма-қол ақшаның түсімдері көрсетіледі;

"Ұлттық пошта операторының айырбастау пункттерінің шетел валютасын сатудан түсетін түсімдер" бабында Ұлттық пошта операторының меншікті айырбастау пункттерінен сатылған шетел валютасы үшін қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғалардың шетел валютасын сатудан түсетін түсімдер" бабында қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғалардан сатылған шетел валютасы үшін қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалдарының айналым кассасынан Ұлттық пошта операторының операциялық кассасына қолма-қол ақша түсімдері"

бабында Ұлттық пошта операторының операциялық кассаларын нығайту үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалдарының айналым кассасынан қолма-қол ақша түсімдері көрсетіледі;

"Ұлттық пошта операторының операциялық кассасына оның касса бөлімшелерінен және екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың операциялық кассаларынан қолма-қол ақша түсімдері" бабында:

Ұлттық пошта операторының операциялық кассасына оның Ұлттық пошта операторының касса торабынан тыс орналасқан дербес операциялық кассаларынан (қолма-қол ақшаның Ұлттық пошта операторының желісі бойынша қозғалысы: бас офистің кассасы, филиалдың кассасы, Ұлттық пошта операторының касса торабынан тыс орналасқан кассасы);

Ұлттық пошта операторының операциялық кассасына екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың операциялық кассаларынан қолма-қол ақшаның түсімдері көрсетіледі;

2) қолма-қол ақша шығысының баптары:

"Есепті кезеңнің соңындағы операциялық кассадағы қолма-қол ақша қалдығы" бабында есепті кезеңнің соңындағы Ұлттық пошта операторының операциялық кассасындағы қолма-қол ақша қалдықтары көрсетіледі;

"Электрондық құрылғыларды тиеу үшін қолма-қол ақша беру" бабында электрондық құрылғыларды нығайту үшін қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Ұлттық пошта операторының өз айырбастау пункттеріне шетел валютасын сатып алуға қолма-қол ақша беруі" бабында өз айырбастау пункттеріне шетел валютасын сатып алуға қолма-қол ақша беруі көрсетіледі;

"Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларға шетел валютасын сатып алуға қолма-қол ақша беру" бабында қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларға шетел валютасын сатып алуға қолма-қол ақша беру көрсетіледі;

"Ұлттық пошта операторының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалдарының айналым кассасына қолма-қол ақшаны тапсыруы" бабында Ұлттық пошта операторының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалдарының айналым кассасына берген қолма-қол ақша сомасы көрсетіледі;

"Ұлттық пошта операторының операциялық кассасынан оның кассалық бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының

жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың операциялық кассаларына қолма-қол ақша беру" бабында:

Ұлттық пошта операторының операциялық кассасынан оның Ұлттық пошта операторының касса торабынан тыс орналасқан дербес операциялық кассаларына (қолма-қол ақшаның Ұлттық пошта операторының желісі бойынша қозғалысы: бас офистің кассасы, филиалдың кассасы, Ұлттық пошта операторының касса торабынан тыс орналасқан кассасы);

Ұлттық пошта операторының операциялық кассасынан екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың операциялық кассаларына қолма-қол ақша беру көрсетіледі.

16. 1-кестенің 9-жолында көрсетілген барлық клиенттік кіріс операциялары бойынша (электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақша түсімдерін қоспағанда) және 2-кестенің 5-жолында көрсетілген барлық кассалық кіріс операциялары бойынша жиынтық сома 1-кестенің 9-жолында көрсетілген барлық клиенттік шығыс операциялары бойынша (электрондық құрылғылар арқылы қолма-қол ақшаны беруді қоспағанда) және 2-кестенің 5-жолында көрсетілген барлық кассалық шығыс операциялары бойынша жиынтық сомаға тең.

Қаулыға
13-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2014 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 178 қаулысына
13-қосымша

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидалары

1. Осы Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидалары "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-3-бабының 1-1-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) есептілікті ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Есептілік Ұлттық Банкке есептілікті ұсыну сервистеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болып табылатын Ұлттық Банктің веб-порталы – Ұлттық Банктің ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта ұсынылады.

3. Есептілікке басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам, бас бухгалтер, орындаушы электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды және ол банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда электрондық форматта сақталады.

4. Есептіліктегі деректердің толықтығы мен дұрыстығын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам, бас бухгалтер қамтамасыз етеді.

5. Респондент клиентінің және (немесе) контрагентінің резиденттігі " Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалады.

6. Есептілікті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелер "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) көзделген тәртіппен айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп көрсетіледі.